

ОӘЖ 338.43(574.1)  
ҒТПП МР 68.75.01

DOI 10.56339/2305-9397-2023-1-3-249-257

**Жанғалиева Е.С.**, э.ғ.магистрі, аға оқытушы, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0003-0477-7952>

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, бас ғимарат, Жәңгір хан көш., 51, Орал қаласы, Қазақстан Республикасы, [yelnaz@mail.ru](mailto:yelnaz@mail.ru)

**Таршилова Л.С.**, э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, доцент, <https://orcid.org/0000-0001-6252-5548>

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Жәңгір хан көш., 45, Орал қаласы, Қазақстан Республикасы, [tarshilova@mail.ru](mailto:tarshilova@mail.ru)

**Zhangalieva Y.S.**, master of economics, Senior Lecturer, **the main author**, <https://orcid.org/0000-0003-0477-7952>

West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan, 51 Zhangir Khan Ave., Uralsk, Kazakhstan, [yelnaz@mail.ru](mailto:yelnaz@mail.ru)

**Tarshilova L.S.**, candidate of Economic Sciences, Associate Professor, Associate Professor, <https://orcid.org/0000-0001-6252-5548>

West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan, 45 Zhangir Khan Ave., Uralsk, Kazakhstan, [tarshilova@mail.ru](mailto:tarshilova@mail.ru)

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ: ҚАЗІРГІ ДАМУ  
ЖАҒДАЙЫ МЕН ПРОБЛЕМАЛАРЫ  
ANIMAL HUSBANDRY OF THE WEST KAZAKHSTAN REGION: CURR  
ENT STATE AND PROBLEMS OF DEVELOPMENT**

**Аннотация**

Мақаланың мақсаты - Батыс Қазақстан облысының мал шаруашылығының қазіргі жай-күйін талдап, ет-сүт өнеркәсібінің жағдайын арттыруды тежеуші себептерді анықтау болып табылады. Зерттеу барысында монографиялық, талдау және синтез және статистикалық-экономикалық әдістер қолданылды. Облыс бойынша соңғы жылдардағы мал шаруашылығы саласының көрсеткіштері талданды, соның ішінде: алынатын мал шаруашылығы өнімі, мал мен құс саны, асыл тұқымды шаруашылықтар саны, олардың өнімділігі сияқты көрсеткіштердің динамикасы, ауыл шаруашылығы саласын қолдауға бюджеттен бөлінген қаржы көрсетілді. Жинақталған мәліметтер негізінде облыстың мал шаруашылығының саласының дамуындағы негізгі проблемалар анықталды, оның ішінде ұсақ тауарлық, облыстың үй шаруашылықтары секторында алынатын мал шаруашылығы өнімдерінің басым бөлігінің жинақталуы, асыл тұқымды малдардың елеулі үлесі, өнімділіктің төмен деңгейі, мал шаруашылығына берілетін субсидиялауды жетілдіру, ветеринария саласындағы заңнаманың сақталуын ветеринариялық бақылаудың жетіспеушілігі, мал шаруашылығы өнімдері бойынша импортқа тәуелділік және т.с.с. Қайта өңдеу объектілерінің желісі әлсіз дамығанын, кепілге салатын мүлкінің жетіспеушілігі орын алғандығын атауға болады. Мал шаруашылығы саласының бәсекеге қабілетті болуы үшін инновациялық технологияларды игеру қажет, бұл материалдық шығындарға азайтуға, ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

**ANNOTATION**

The purpose of the article is to analyze the current state of animal husbandry in the West Kazakhstan region and identify the reasons that inhibit the growth of the state of the meat and dairy industry. In the course of the study, monographic, analysis and synthesis and statistical and economic methods were used. In the region, the indicators of the livestock industry in recent years were analyzed, including: the dynamics of indicators such as the output of livestock, the number of livestock and poultry, the number of breeding farms, their productivity, and the funds allocated from the budget to support the agricultural sector. Based on the collected data, the main problems in the development of the livestock industry of the region were identified, including small marketability, accumulation of the majority of livestock products obtained in the household sector of the region, a

significant share of breeding animals, low productivity, improvement of subsidies for animal husbandry, lack of veterinary control over compliance with legislation in the field of Veterinary Medicine, import dependence on livestock products, etc. It can be noted that the network of processing facilities is poorly developed, there is a shortage of collateral. In order for the livestock industry to be competitive, it is necessary to master innovative technologies, which will reduce material costs, make more efficient use of resources.

**Кілт сөздер:** ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, ірі қара мал, асыл тұқымды мал, сүт, ет, субсидиялау, мемлекеттік қолдау.

**Key words:** Agriculture, Animal Husbandry, cattle breeding, dairy, meat, subsidies, state support.

**Кіріспе.** Қазіргі жағдайда қалыптасып отырған азық – түлік проблемасын шешуде мал шаруашылығы саласына ерекше орын беріледі, соның бірі ет пен сүт өнімдерімен қамтамасыз ету өте маңызды. Осыған байланысты халықты ет және сүт өнімдерімен қамтамасыз ету өзекті болып табылады және ол мемлекеттің осы өнім түрімен қамтамасыз етудегі экономикалық саясатын айқындайды.

Ауыл шаруашылығының құрамындағы мал шаруашылығы ерекше орын алады және ауылшаруашылық өндірісінің экономикалық тиімділігін анықтайды. Өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы тауарлары бағасының күрт диспаратеті, азықпен қамтамасыз етілу деңгейінің төмендеуі және сүтті мал шаруашылығындағы технологиялық процестердің толық сақталмауы, сондай-ақ өндеуші өнеркәсіптің монополизмі және басқа да факторлар саладағы дағдарыс құбылыстарын туындатты. Мал шаруашылығының жай-күйі мен даму серпіні саланың тозуына алып келеді, біздің елімізді мал шаруашылығы өнімінің импортына тәуелді етеді. Сондықтан мал шаруашылығының экономикалық өсуін тұрақтандыру және қалпына келтіру бағдарламасын дереу әзірлеу, саланы жандандыру және одан әрі дамыту және оны жүргізудің қарқынды нысандарын енгізу үшін қажетті ұйымдастырушылық, экономикалық және технологиялық алғышарттар жасау қажет. Тұтастай алғанда агроөнеркәсіптік кешеннің тиімділігі және халықтың ет-сүт өнімдерімен қамтамасыз етілуі мал шаруашылығының тұрақты және үдемелі дамуына байланысты.

Нарықтық экономика жағдайында ауылшаруашылық кәсіпорындарының тұрақты жұмыс істеу жағдайларын, факторлары мен тетіктерін, сондай-ақ саланың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмін жан-жақты зерттеу арқылы мал шаруашылығының тиімділігін бағалауды жетілдіру мәселелерін шешудің жаңа тәсілдері қажет [2].

Мал шаруашылығын қарқынды жүргізу үшін мынадай мәселелерді шешу маңызды: мамандандыруды, салалардың мөлшері мен үйлесімін, кооперация және өндірісті интеграциялау мүмкіндіктерін негіздеу; жануарлардың жоғары өнімді тұқымдарын жасау және жетілдіру және табынның өсімін молайтуды ұйымдастыру; жемшөп өндірісінің прогрессивті әдістерін енгізу, орнықты, экономикалық жағынан ақталған жемшөп базасын құру, азықтандыруды жақсарту; материалдық-техникалық базаны нығайту, мал азығына жұмсалатын шығындарды өнімді өндіру, тасымалдау, сақтау, қайта өңдеу және өткізу сатылары; жоғары білікті жан-жақты дамыған кадрлармен нығайту, тиімді шаруашылықшілік (коммерциялық) есеп-қисапты енгізу және т. б. [17].

Мал шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігі оны қарқындату негізінде өндірістің сапалы өзгерістері есебінен нәтижелілікті арттыруды, атап айтқанда, оны жүргізудің барлық жүйесін жетілдіру, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін енгізу негізінде қолда бар ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалану жолымен айтарлықтай шығынсыз мал өнімділігінің өсуін көздейді [3].

**Зерттеу материалы мен әдісі.** Жергілікті дейгей мысалы ретінде Батыс Қазақстан облысы мал шаруашылығы дамуының қазіргі қалыптасқан жағдайы, серпіні, проблемалары анықталып, ұсыныстар берілді.

Зерттеу барысында монографиялық, талдау және синтез және де статистикалық-экономикалық әдістер қолданылды. Облыс бойынша 2011-2021 жылдардағы мал


шаруашылығы саласының көрсеткіштері талданды. Сондай-ақ, мал мен құстың саны, олардың жылдардағы өнімділігі сияқты көрсеткіштердің динамикасы көрсетілген.

**Зерттеу нәтижелері.** Мал шаруашылығының өнімдерін шығарудың потенциалы, елдің өз ресурстарымен қамтылуы, ауыл шаруашылығының өндірісінің тұрақты өсуі, мал шаруашылығын тұрақты дамыту мемлекеттік қолдау негізінде жүзеге асырылады.

Өндірісті ұйымдастырудың қарқынды әдістеріне көшу кезінде кейде мәселелерді практикалық шешуге кешенді тәсіл жоқ (азық-түлік базасының жеткіліксіздігі, тамақтандырудың қарқынды түрін қамтамасыз етудің мүмкін еместігі). Сонымен қатар, мал шаруашылығында қарқынды технологияларды енгізу көбінесе жоғары сапалы мал басын көбейтумен қатар жүрмейді. Өндірісті қарқынды ұйымдастыру жағдайында өндіру үшін мал басын көбейту қанағаттанарлықсыз ұйымдастырылған, селекциялық-асылдандыру жұмысының рөлі, негізгі табынның сапасын жоспарлы жақсарту жете бағаланбайды. Қатысушы кәсіпорындардың экономикалық қарым-қатынасы жүйе қызметінің негізгі талаптары мен интеграция жағдайындағы тараптардың өзара міндеттері баяндалған шартпен белгіленеді [5].

Батыс Қазақстан облысының соңғы 2011-2021 жылдардағы ауыл шаруашылығының көрсеткіштерін қарайтын болсақ, есепті кезеңде ауыл шаруашылығының өнімінің жалпы шығарылым көлемі 242 007,1 млн.теңгені құрады, оның ішінде өсімдік шаруашылығы өнімінің шығарылымы 94 765,2 млн.теңгені, мал шаруашылығы өнімі 146 379,9 млн. теңгені құрады.

Осыларды ескере келе, Батыс Қазақстан облысында қалыптасқан мал шаруашылығының қазіргі жағдайын қарастырып көретін болсақ:



Сурет 1 – Мал шаруашылығының жалпы өнімі, млн. теңге [6]

Пандемиядан соң Қазақстан экономикасын қалпына келтірудің басты бағыты ауыл шаруашылығын, оның ішінде мал шаруашылығы секторын дамыту және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып отыр.

Мал шаруашылығы Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығын дамытудың басым бағыттарының бірі.

Облыста мал шаруашылығының жалпы өнімі ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымының 60,4% -ын құрайды.


Ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау бойынша іске асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалар БҚО мал шаруашылығын дамытуға оң әсерін тигізді.

Соңғы жылдары мал мен құс саны артты, көрсеткіштер өсті. Облыста он жыл ішінде мал шаруашылығы өнімін өндіру 2,7 есеге өсті.

Алайда, облыстың мал шаруашылығында өндірілетін өнімнің негізгі бөлігі халықтың шаруашылықтары үлесіне шоғырландырылған.

2021 жылы мал шаруашылығының жалпы өнімі 146 379,9 млн. теңгені құрады.


Мал шаруашылығын дамытудағы негізгі проблемалар - өндірістің ұсақ тауарлылығы, ұсынылатын шикізат сапасының төмендігі пен оның көлемі, асыл тұқымды төлдің және жемшөптің жеткіліксіз мөлшері, мал басына қанағаттанарлық емес зооветеринарлық қызмет көрсету, өз өнімін аз ұйымдастырылған өткізу, әлсіз материалдық-техникалық база [7].



Сурет 2 – Мал мен құс саны, жыл соңына, мың бас [6]

Мал шаруашылығы 2021 жылға ірі қара мал 694,3 мың басты құрап 83%, қой – 1 212,0 мың басты (42,9%), жылқы – 250,5 мың бас (3 есеге өскен), құс – 1 399,3 мың басты (57%), ешкі – 247,5 мың басты (103,1%) құрап өссе, шошқа – 12,6 мың басты құрап, 50%-ға кеміп отыр.

Мал шаруашылығы саласында 2022 жылдың қаңтар – маусым айларында 48,7 мың тонна тірілей салмақтағы мал мен құс еті өндірілді немесе 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 100,9%-ды құрады. Барлық шаруашылықтар бойынша сүт өндіру 121,3 мың тонна (100,8%), өндірілген жұмыртқа 99,8 млн. дананы (102,6%) құрап отыр.



Сурет 3 – Батыс Қазақстан облысы бойынша асыл тұқымды шаруашылықтар саны, 2021 жыл [7]

2021 жыл қорытындысы бойынша облыста 489 асыл тұқымды шаруашылықтар тіркелген. Соның ішінде, 402 асыл тұқымдағы ірі қара мал өсіру, 51 шаруашылық қой өсіру, 35 шаруашылық асыл тұқымдық жылқылар өсірумен және 1 шаруашылық түйелер өсірумен айналысады.

Облыс бойынша 94,6 мың бас асыл тұқымды ірі қара малы, 50,1 мың бас қой, 10,4 мың бас жылқы және 281 бас түйе өсірілуде.

Барлық санаттағы асыл тұқымды мал басының үлес салмағы жалпы мал басынан, ірі қара мал – 13,8%-ды, қой – 4,9%-ды, жылқы – 4,2%-ды, түйе шаруашылығында 12,5%-ды құрайды.

Статистикалық деректерге сәйкес облысымызда 260 ауыл шаруашылығы кооперативі тіркеліп, 2021 жылдың қорытындысымен 238 ауыл шаруашылығы кооперативтері жұмыс жасады. Жұмыс істеп тұрған кооперативтердің негізін, яғни, 214-і етті мал шаруашылығы бойынша мамандандырылған (90%), 18-і сүтті бағыттағы кооператив (8%), 5-і өсімдік

шаруашылығы бойынша кооператив (2%) және 1-і бал ара шаруашылығы бойынша кооператив (1%).

Ауыл шаруашылығы кооперативтерінде 4912 тұлға мүшелікте (2 заңды тұлға, 113 ШФҚ мен дара кәсіпкерлер, 4797 үй шаруашылықтары) болса, оларда 92432 бас ауыл шаруашылығы малдары бар (35672 бас МІҚ, 56527 бас ҰММ және 233 бас жылқы).


2021 жылдың қорытындысымен кооперативтерде 470 тонна ет, 10095 тонна сүт, 4700 тонна картоп және 35 тонна жүн, 24 тонна бал өндіріліп отыр.

Статистикалық ақпарат бойынша 2022 жылдың қаңтар – маусым айларында 41 366,1 млн. теңгенің тағам өнімдері өндірілген, физикалық көлемнің индексінің 2021 жылдың сәйкесті кезең деңгейіне 98,5%-ды құрады.

2021 жылдың сәйкесті кезеңімен салыстырғанда нан және нан өнімдері – 6579 тоннаны (102,4%), қайта өңделген сүттің және кілегейдің көлемі – 1552 тоннаны (267,1%), және тазартылған және тазартылмаған өсімдік майының - 3101 тоннаны (108,9%), ұзақ сақталатын кондитерлік өнімдердің - 1880 тоннаны (103,2%), макарон өнімдерінің – 11832 тонна (105,7%), шұжық өнімдерінің – 4845 тоннаны (123,4%), ет қалбырларының - 2756 тоннаны (110,2%) құрағанын және өндіріс көлемдерінің өсуіне ықпал еткенін айтуға болады.

Сол уақытта ұн – 52997 тонна (97,4%), ет және тағамдық субпродуктілер – 4868 тонна (79,3%), ірімшік пен сүзбе – 151 тонна (87,3%), сары май - 94 тонна (89,5%), өзге сүт өнімдері – 261 тонна (88,8%), жарма, ірі тартылған ұн - 144 тонна (68,6%), балық қалбырлары – 1376 тонна өндіріліп (96,6%) өнім өндірісінің төмендеуі байқалады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу өндірісінің көлемін арттыру мақсатында 2022 жылы 198 жаңа жұмыс орындарын құрып, 22,4 млрд. теңгеге 18 жобаны іске асыру жоспарлануда.



Сурет 4 – 2022 жылы БҚО ауыл шаруашылығы саласын қолдауға бюджеттен бөлінген қаржы, млн. теңге [7]

2022 жылы ауыл шаруашылығы саласындағы қолдау облыстық басқармаға бюджеттен 21 586,2 млн. теңге қаржыны құрады, атап айтқанда өсімдік шаруашылығы бөлінгені – 1 762,7 млн. теңге, мал шаруашылығы – 8735,9 млн. теңге, инвестициялық салынымдарды субсидиялауға – 4 628,2 млн. теңге, ауылды мекендерде және шағын қалаларға арналған шағынкредит беруге – 2 159,8 млн. теңге, несиелердің және лизингтің пайыздық мөлшерлемелерін субсидиялау – 3 475,7 млн. теңге, басқа да шаралар – 823,9 млн. теңге.

Мал шаруашылығын дамытудағы проблемалар:

- 1) ветеринариялық бақылаудың жеткіліксіздігі;
- 2) ветеринариялық препараттардың және азықтық қоспалардың нарығын қадағалау әлсіздігі;
- 3) елімізде өндірілетін вакцинаның өндірісі әлсіз дамыған;
- 4) өндірістік бақылау бөлімшелеріндегі ветеринар дәрігерлерді аттестаттаудың жүзеге асыру мүмкіндігінің болмауы;

5) Жануарлар арасында қауіпті аурулар пайда болуы кезінде тез және уақтылы нзар қоюдың мүмкін күрделілігі [8].

Қазіргі уақытта бірқатар мал шаруашылығының өнімдері бойынша импортқа тәуелділік сақталуда. Мәселен, құс еті, терең өңделген ет және сүт өнімдері бойынша, қазіргі мүмкіндіктер аймақтық қана емес, сонымен бірге мал шаруашылығының өнімін әлемдік экспорттаушылардың қатарында болудың мүмкіндігін береді.

Мал шаруашылығында жедел дамытудың және оның өнімділігінің артуындағы негізгі тежеуші факторы азықтық базаның жетіспеушілігі болып табылады.

Мал шаруашылығының тұрақты дамуы үшін толық қамтамасыз етуден басқа, азықтық сақтандыру қоры болуы тиіс екені белгілі. Сонымен қатар, жайылымдық жерлердің өнімділігіне байланысты оларды жақсарту бойынша тиісті жұмыссыз қарқынды пайдалану мәселелері де бар.

Мал шаруашылығын мемлекеттік қолдауындағы қазіргі бұрмалануларды, атап айтқанда, субсидиялаудағы жоғары Сыбайлас жемқорлықпен селекциялық-асыл тұқымдық жұмысқа шектен тыс шоғырлануында, бордақылау аландарына және ет өңдеу кәсіпорындарына ет жеткізудегі міндеттемелердің және шаруашылықтардың уәждемесінің болмауы аясында соңғыларының бүгінде тек жартысына ғана жүктелуіне әкеп соқтырғанын атап өткен жөн.

Бұның нәтижесі, жоғары технологиялы өнеркәсіптік бордақылаудың және мал союдың орнындағы қосымша құн мен мал шаруашылығы салықтық түсімдері шығынымен, жергілікті жерлердегі эпизоотиялық жағдайдың нашарлауы, аулалық бордақылау және сою дами бастады.

Мал шаруашылығындағы мамандардың тапшылығы, қазіргі уақыттағы жергілікті жерлерде ветеринардан басқа зоотехник-технолог, зоотехник-селекционерлер, соның ішінде өнеркәсіптік құс шаруашылығында да тапшылығы байқалады. Сонымен қатар, жергілікті жерлерде жас мамандарды бекіту мәселесі өзекті болып қала береді [9].

Аталған жайттарды ескере отырып, мал шаруашылығына ветеринариялық қызмет көрсетуді жақсарту бойынша шаралар қабылдануы қажет екендігін айта кету керек. Жергілікті атқарушы органдардың ветеринария қызметтері арасындағы өкілеттіктерді бөлу, ветеринария қызметті артық қызметтерден босату, ауылдық округтердің ветеринария дәрігерлеріне қосымша өкілеттіктер беру, сондай-ақ ветеринариялық саладағы цифрландырудағы бойынша жұмыстардың көлемі жүзеге асырылуы тиіс.

Мал шаруашылығы саласының бәсекеге қабілетті өнімдерін өндіру үшін инновациялық технологияларды игеру қажет, материалдық шығындарға теріс әсерді азайтуға, ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Мал шаруашылығын дамытудың тұрақтылығын арттыру үшін ұсынылады:

- мал шаруашылығына берілетін субсидиялауды жетілдіру. Іс-шаралар шеңберінде мал шаруашылығынан субсидия алушылар үшін жемшөп өндірісі бойынша қуаттардың болуы бойынша міндетті талаптар күшейту қажет. Мәселен, кепілді жемшөп базасынсыз жұмыс жасайтын мал шаруашылығының субъектілерін мемлекеттік қолдау мүмкін болмайды;

- субсидиялаудың бағыттары жүйелендіріліп, оңтайландырылуы керек;

- мал шаруашылығы білікті мамандармен, ең алдымен ветеринарлармен және зоотехниктермен кадрлармен қамтамасыз етілуі қажет. Бұл тек жоғары білімді мамандар ғана емес, сонымен қатар жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын колледждер дайындайтын орта буын мамандары да маңыздылығын айтады. Сондай-ақ, ауылдық жерлердегі кадрларды бекіту мәселесінде "Дипломмен ауылға" бағдарламасы аясын күшейтуде және кеңейтуде жұмыс жасалынып, оның нормаларын орта буын мамандарына кеңейту арқылы шешуге қажет;

- мал шаруашылығына ветеринариялық қызмет көрсету сапасын арттыруды қолға алу.

## ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «**Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі**» Жолдауы [Текст] / Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі. – Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000002020>,

2 Маслова, В. Факторный анализ конкурентоспособности агропродовольственной продукции в государствах - членах ЕАЭС [Текст] / В. Маслова, Н. Зарук, М. Авдеева // АПК: экономика, управление. - 2018. - №4. - С. 75-85.

- 3 Харитонов, А. Развитие сельского хозяйства в контексте продовольственной безопасности региона [Текст] / А. Харитонов, П. Косинский // АПК: экономика, управление. - 2017. - № 3. - С. 59-65.
- 4 Гиззатова, А.И. Қазақстан халқы үшін азық-түліктің экономикалық қолжетімділігі [Текст] / А.И. Гиззатова, С.М. Капанова, С.М. Есенғалиева // Проблемы агрорынка. - 2019. - № 3. - Б. 48-55.
- 5 Современное состояние и тенденции развития животноводства в Республике Казахстан [Текст] / С.М. Есенғалиева [и др] // Economics: the strategy and practice. - 2021. - № 16 (2). - С.134-144. <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-2-134-144>
- 6 Батыс Қазақстан облысының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің серпіні [Электрондық ресурс], 2021 / Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы. - Кіру режимі : <https://stat.gov.kz> (қаралған уақыт: 10.01.2023).
- 7 Батыс Қазақстан облысындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы [Электрондық ресурс]: статистикалық жинақ, 2017-2021 [Текст] / Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы. - Кіру режимі: <https://stat.gov.kz> (қаралған уақыт: 10.01.2023).
- 8 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама. [Электрондық ресурс] / Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі. – Кіру режимі : <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000423>
- 9 Елюбаева, А. Что мешает развитию животноводства в Казахстане? [Электрондық ресурс] / А. Елюбаева. - Кіру режимі : <https://kapital.kz/economic/105489/chto-meshayet-razvitiyu-zhivotnovodstva-v-kazakhstane-2.html>
- 10 Экономическое регулирование воспроизводства в АПК [Текст] / В. Маслова [и др] // АПК: экономика, управление. - 2017. - № 4. - С. 51-60.
- 11 Петриков, А. Государственная поддержка малого предпринимательства в АПК и сельского развития [Текст] / А. Петриков // АПК: экономика, управление. – 2003. - № 1. – С. 10-15.
- 12 Тажибаева, Р.М. Государственная поддержка аграрного сектора Казахстана [Текст] / Р.М. Тажибаева // Проблемы агрорынки. - 2021. - № 1. - С. 44-49. - DOI:10.46666 / 2021-1-2708-9991.05.
- 13 Конуспаев, Р.К. Стратегия диверсификации в агропромышленном комплексе [Текст] / Р.К. Конуспаев, Т.Ж. Демесинов, Т.А. Таипов // Проблемы агрорынки. - 2021. - № (2). - С. 31-37. - DOI: 10.46666/2021-2. 2708-9991.03.
- 14 Азретбергенова, Г.Ж. Обеспечение продовольственной безопасности Республики Казахстан в условиях COVID-2019 [Текст] / Г.Ж. Азретбергенова, А.О. Сыздыкова, Б. Бимендеев // Проблемы агрорынка. - 2021. - № 2. - С. 21-20.
- 15 Tarshilova, L. S. Reaction of the Regional Agroindustrial Complex to Integration Processes [Текст] / L.S. Tarshilova, A.M. Kazambayeva, A.J. Ibyzhanova // Espacios. – 2017. – № 38 (62). – P. 101–116.
- 16 Киселев, С. Состояние и перспективы агропродовольственного экспорта России в страны Евразийского экономического союза [Текст] / С. Киселев, Р. Ромашкин // Исследования по экономическому развитию России. - 2021. – Т. 32. - № 2. – С. 221 -228. - DOI: [10.1134/S1075700721020064](https://doi.org/10.1134/S1075700721020064).
- 17 Heigermoser, M. COVID-19, the oil price slump and food security in low-income countries [Electronic resource] [Текст] / M. Heigermoser, T. Glaben; Leibniz Institute of Agricultural Development in Transition Economies (IAMO) // IAMO Policy Brief. - 2020. - № 37e. URL:<http://www.iamo.de/en/publications/iamo-policy-briefs/> (date of access: 25.12.2022).
- 18 Espolov, T. Agroindustrial Complex Modernization of Kazakhstan on the Basis of Innovation [Текст] / T. Espolov [and etc] // International Journal of Management and Business Research. – 2018. – № 8 (1). - P. 93-107.
- 19 Kaliev, G. Economic Problems of Dairy Production and Processing in Kazakhstan and Their Solutions [Текст] / C. Kaliev [and etc] // Astra Salvensis. – 2017. – Vol. 2017. – P. 337–342.

20 Курманова, Г.К. Повышение эффективности использования сельскохозяйственных угодий [Текст] / Г. К. Курманова, Б.У. Асильов, М. Даниярова // Проблемы агрорынка. – 2021. - № 4 (4). – С. 169-177. –Режим доступа : <https://doi.org/10.46666/2021-4.2708-9991.19>

21 Akimbekova, G.U. Priority directions of agro-industrial complex development in Kazakhstan [Tekst] / G.U. Akimbekova, G.A. Nikitin // Problems of AgriMarket. – 2020. - № 4. - P. 13-23. - <https://doi.org/10.46666/2020-4-2708-9991.01>

## REFERENCES

1 Kazakstan Respublikasy. Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyн Kazakstan halkyna 2020 zhylygy 1 kyrkujektegi «ZHana zhahandagy Kazakstan: is-kimyl kezeni» ZHoldauy [Tekst]/ Kazakstan Respublikasy Adilet ministrliги. – Kiru rezhimi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000002020>, [Elektrondyk resurs]

2 Maslova, V. Faktornyj analiz konkurentosposobnosti agroproduktov'noy produkcii v gosudarstvah - chlenah EAES [Tekst] / V. Maslova, N. Zaruk, M. Avdeeva // APK: ekonomika, upravlenie. - 2018. - №4. - S. 75-85.

3 Haritonov, A. Razvitie sel'skogo hozyajstva v kontekste proizvodstvennoj bezopasnosti regiona [Tekst] / A. Haritonov, P. Kosinskij // APK: ekonomika, upravlenie. - 2017. - № 3. - S. 59-65.

4 Gizzatova, A.I. Kazakstan halky yshin azyk-tuliktin ekonomikalyk kolzhetimdiligi [Tekst] / A.I. Gizzatova, S.M. Kapanova, S.M. Esengalieva // Problemy agrorynka. - 2019. - № 3. - B. 48-55.

5 Sovremennoe sostoyanie i tendencii razvitiya zhivotnovodstva v Respublike Kazahstan [Tekst] / S.M. Esengalieva [i dr] // Economics: the strategy and practice. – 2021. - № 16 (2). – S.134-144. <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-2-134-144>

6 Batys Kazakstan oblysyny negizgi aleumettik-ekonomikalyk korsetkishterinin serpini [Elektrondyk resurs], 2021 / Kazakstan Respublikasy Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttiginin ulttyk statistika byurosy. - Kiru rezhimi: <https://stat.gov.kz> (karalghan uakyт: 10.01.2023).

7 Batys Kazakstan oblysyndagy auy, orman zhane balyk sharuashylygy [Elektrondyk resurs] : statistikalykzhinak, 2017-2021 [Tekst] / Kazakstan Respublikasy Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttiginin ulttyk statistika byurosy. - Kiru rezhimi: <https://stat.gov.kz> (karalghan uakyт: 10.01.2023).

8 Kazakstan Respublikasynyn agroonerkasiptik keshenin damytudyn 2017 – 2021 zhyldarga arналган мемлекеттік бағдарлама. [Elektrondyk resurs] / Kazakstan Respublikasy Adilet ministrliги. – Kiru rezhimi : <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000423>

9 Elyubaeva, A. CHto meshaet razvitiyu zhivotnovodstva v Kazahstane. [Elektrondyk resurs]/ A. Elyubaeva. - Kiru rezhimi: <https://kapital.kz/economic/105489/chto-meshayet-razvitiyu-zhivotnovodstva-v-kazahstane-2.html>

10 Ekonomicheskoe regulirovanie proizvodstva v APK [Tekst] / V. Maslova [i dr] // APK: ekonomika, upravlenie. - 2017. - № 4. - S. 51-60.

11 Petrikov, A. Gosudarstvennaya podderzhka malogo predprinimatel'stva v APK i sel'skogo razvitiya [Tekst] / A. Petrikov // APK: ekonomika, upravlenie. – 2003. - № 1. – S. 10-15.

12 Tazhibaeva, R.M. Gosudarstvennaya podderzhka agrarnogo sektora Kazahstana [Tekst] / R.M. Tazhibaeva // Problemy agrorynki. - 2021. - № 1. - S. 44-49. - DOI:10.46666 / 2021-1-2708-9991.05.

13 Konuspaev, R.K. Strategiya diversifikatsii v agropromyshlennom komplekse [Tekst] / R.K. Konuspaev, T.ZH. Demesinov, T.A. Taipov // Problemy agrorynki. - 2021. - № (2). - S. 31-37. - DOI: 10.46666/2021-2. 2708-9991.03.

14 Azretbergenova, G.ZH. Obespechenie proizvodstvennoj bezopasnosti Respubliki Kazahstan vusloviyahCOVID-2019 [Tekst] / G.ZH. Azretbergenova, A.O. Syzdykova, B. Bimendeev // Problemy agrorynka. - 2021. - № 2. - S. 21-20.

15 Tarshilova, L. S. Reaction of the Regional Agroindustrial Complex to Integration Processes [Tekst] / L.S. Tarshilova, A.M. Kazambayeva, A.J. Ibyzhanova // Espacios. – 2017. – № 38 (62). – R. 101–116.

16 Kiselev, S. Sostoyanie i perspektivy agroproduktov'stvennogo eksporta Rossii v strany Evraziyskogo ekonomicheskogo soyuza [Tekst] / S. Kiselev, R. Romashkin // Issledovaniya po ekonomicheskomu razvitiyu Rossii. - 2021. – T. 32. - № 2. – S. 221 -228. - DOI:

10.1134/S1075700721020064.

17 Heigermoser, M. COVID-19, the oil price slump and food security in low-income countries [Electronic resource] [Tekst] / M. Heigermoser, T. Glauben; Leibniz Institute of Agricultural Development in Transition Economies (IAMO) // IAMO Policy Brief. - 2020. - № 37e. URL:<http://www.iamo.de/en/publications/iamo-policy-briefs/> (date of access: 25.12.2022).

18 Espolov, T. Agroindustrial Complex Modernization of Kazakhstan on the Basis of Innovation [Tekst] / T. Espolov [and etc] // International Journal of Management and Business Research. – 2018. – № 8 (1). - P. 93-107.

19 Kaliev, G. Economic Problems of Dairy Production and Processing in Kazakhstan and Their Solutions [Tekst] / S. Kaliev [and etc] // Astra Salvensis. – 2017. – Vol. 2017. – P. 337–342.

20 Kurmanova, G.K. Povyshenie effektivnosti ispol'zovaniya sel'skohozyajstvennykh ugodij [Tekst] / G. K. Kurmanova, B.U. Asilov, M. Daniyarova // Problemy agrorynka. – 2021. - № 4 (4). – S. 169-177. – Rezhim dostupa: <https://doi.org/10.46666/2021-4.2708-9991.19>

21 Akimbekova, G.U. Priority directions of agro-industrial complex development in Kazakhstan [Tekst] / G.U. Akimbekova, G.A. Nikitin // Problems of AgriMarket. – 2020. - № 4. - P. 13-23. - <https://doi.org/10.46666/2020-4-2708-9991.01>

### РЕЗЮМЕ

Цель статьи - проанализировать современное состояние животноводства Западно-Казахстанской области и выявить причины, сдерживающие рост потенциала мясомолочной промышленности. В ходе исследования использовались монографические, аналитические и статистико-экономические методы. Результаты-проанализированы показатели отрасли животноводства за последние годы по области, в том числе: отражена динамика таких показателей, как получаемая продукция животноводства, численность поголовья скота и птицы, численность племенных хозяйств, их продуктивность, структура производства по категориям сельскохозяйственных структур. На основе проведенного исследования выявлены основные проблемы развития животноводства области, в том числе мелкотоварность, концентрация подавляющей части животноводческой продукции, получаемой в секторе домашних хозяйств населения, значительная доля племенных животных, низкий уровень продуктивности животных, совершенствование субсидирования животноводства, отсутствие ветеринарного контроля за соблюдением законодательства в области ветеринарии, импортозависимость и и т.д. Несмотря на достаточную обеспеченность сырьем и наличие инфраструктуры, сеть объектов переработки (мясного, молочного) развита слабо, имеется дефицит залогового имущества, отсутствуют типовые скотомогильники. Для производства конкурентоспособной продукции животноводческой отрасли необходимо освоение инновационных технологий, что позволит снизить негативное влияние на материальные затраты, эффективно использовать земельные и водные ресурсы.

ӨОЖ 331.107.26  
ҒТП МР 06.77.02

**DOI 10.56339/2305-9397-2023-1-3-257-265**

**Дулатбаев Е.А.,** техника ғылымдарының магистрі, негізгі автор, <https://doi.org/10.3390/agriculture12091497>

Экономика және менеджмент колледжі, Солтүстік-Батыс А & F университеті, Сяньян, 712100, Қытай, [zkatu27@gmail.com](mailto:zkatu27@gmail.com)

**Есенғалиева С.М.,** доцент м.а., PhD докторы, э.ғ.к. <https://orcid.org/0000-0002-6476-0282-9774>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көшесі 51, Орал қ, Қазақстан Республикасы, [salta\\_em@mail.ru](mailto:salta_em@mail.ru)

**Бурханова А.Н.,** магистрант, <https://orcid.org/0000-0002-6991-9774>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көшесі, 51, Орал қ, Қазақстан Республикасы, [burhanova.aliya.00@mail.ru](mailto:burhanova.aliya.00@mail.ru)

**Dulatbay E.A.,** master of technical scienc, the main author <https://doi.org/10.3390/agriculture12091497>